**Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**

# ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Хромтау қаласы 27 қаңтар 2023 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің 2022 жылғы 05 сәуірдегі №282 бұйрығы негізінде жүргізілді.

**Талдаудың мәні:**

1) Мүдделер қақтығысын реттеу:

2) Персоналды басқару;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

6) Мектептің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

**Талдауды жүргізу мерзімі:** 2023 жылғы 16-27 қаңтар.

**Талдауды жүргізу кезеңі:** 2022 жылдың 9 айы (сәуір-желтоқсан).

**Талданатын нысан туралы мәлімет:** «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ «№2 Хромтау гимназиясы» КММ.

**Мекенжайы:** Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Курченко тұйық көшесі1 үй.

Хромтауаудандық білім бөлімінің құрылымдық кәсіпорыны болып табылады.

«№2 Хромтау гимназиясы» КММ құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру мектептің негізгі міндеті болып табылады.

Мектеп өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Ақтөбе қаласы әкімдігінің қаулыларына, «№2 Хромтау гимназиясы» КММ Жарғысына, Хромтау ауданының білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

**1. Мүдделер қақтығысын реттеу.**

Талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

**2. «№2 Хромтау гимназиясы» КММ персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

**2.1 Персоналды басқару.**

Гимназияның штат саны 83 қызметкерді құрайды.

Гимназия директоры: Юшкевич Елена Павловна.

Көрсетілген кезеңде қызметтік этика қағидаларын бұзуына, мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген шектеулерді сақтамауы түріндегі тәртіптік теріс қылық жасалмаған.

**Негіздеме:** талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

**Жұмыс тобының қорытындылары:**

Гимназияның персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр.

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

Талдау барысында анықталғаны: білім және ғылым министрлігімен жасалған стандарттарды есепке ала отырып, мектепте 6 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, оның ішінде:

1)«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау» - **103**.

2) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» - **жоқ.**

3)«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» - **7**

4)«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» - **жоқ**.

5)«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» - **6.**

6) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» - **26.**

Қазіргі таңда мектепте 820 оқушы білім алуда, оның ішінде 45 бала мектепалды даярлық классы.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

Талдау басқарудағы жұмыс тиісті деңгейде жүргізілетінін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мектепке қабылдау Egov.kz, https://hromtau.mektep.eaktobe.kz/ веб-порталы арқылы жүргізіледі.

**4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жоқ.

**5. Бақылау функцияларын іске асыру**

Кәсіпорында бақылау функциялары жок.

**6. Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

Талдау көрсеткендей, бұл өтініштердің көмегімен тұрғындар өз мәселерін шешіп жатыр. Өтініштер саны артып, өз деңгейінде және уақытылы шешілуде.

66-2-82 «Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізілді. Талдау жүргізілген кезеңде 6 өтініш тіркелді. Әңгімелесулер жүргізіліп, кеңестер берілді. Бұл мәселелер бақылауда.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері «№2 Хромтау гимназиясы» КММ ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

**Жұмыс тобы төрайымы,**
**«№2 Хромтау гимназиясы» КММ директоры** **Е.П.Юшкевич**

**Директордың ТЖ орынбасары** **В.К.Клюмова**

**Педагог-психолог** **Г.А.Салыкбаева**

**Ардагер педагог** **О.П.Лужанский**

**Ата-аналар комитетінің төрайымы** **Э.Х.Культаева**